

Қазақстан Республикасының елді мекендерін сумен жабдықтау мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 тамыз N 1047

Елді мекендерді сумен тұрақты және үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ағымдағы жылдың III тоқсаны ішінде "1996 жылға арналған Қазақстан Республикасының инвестициялық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 ақпандағы N 141 P960141_ қаулысында көзделген сумен жабдықтау объектілерін қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылғы қарашада Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев су қоймасын қайта жаңарту үшін төтенше жағдайлар жөніндегі резервтік қордың қаражаты есебінен 25 млн. теңге бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1997-1999 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық даму индикативтік жоспарының жобаларын әзірлеген кезде және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттердің жобаларын қалыптастыру кезінде оларды қаржыландыру 1997 жылы 275 млн. теңге 1998 жылы 400 млн. теңге, 1999 жылы 400 млн. теңге мөлшерінде болатынын ескеріп, су құбыры жүйелерін қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін орталық көздерден қаражат бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынысын қарасын.

3. Облыстардың, Алматы қаласының, қалалар мен аудандардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті, Ауыл шаруашылығы министрлігі мүдделі орталық атқарушы органдардың қатысуымен:

су құбыры мен канализациялық жүйелердің жұмысын жақсарту жөнінде шара қабылдасын, бұл жүйелердің жөндеу-профилактикалық жұмыстарын дер уақытында жүргізуді қамтамасыз етсін;

ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық және экологиялық жай-күйін жақсартуға бағытталған шаралар кешенін өткізуді жүзеге асырсын;

ауыз суын дайындау және залалсыздандыру үшін су құбырларын химреагенттер мен құрамында хлоры бар заттармен қажетті көлемде қамтамасыз етуге қаражаттар іздестірсін;

өңдеу технологиясын сақтауға, ауыз суын залалсыздандыруға ведомстволық зертханалық өндірістік бақылау жасауды тұрақты түрде қамтамасыз етсін;

ағымдағы жылдың аяғына дейін берілген су үшін су тұтынушылардың берешегін

өтеу жөнінде, су құбырларында қайта жаңарту, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге арналған бюджеттен тыс қаражаттарды тарту жөнінде шұғыл шаралар қолдансын;

екі айлық мерзімде жергілікті сумен жабдықтау жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі орталықсыздандырылған құрылымдар құру жөнінде ұсыныс енгізісін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі сумен жабдықтау объектілерінде санитарлық ережелер мен нормалардың сақталуына және ауыз судың сапасына мемлекеттік қадағалауды күшейтсін.

5. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп бір айлық мерзімде сумен жабдықтау жүйелерін тұрақты түрде энергиямен қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс әзірлесін және енгізісін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қаржы министрлігімен және Су ресурстары жөніндегі комитетпен бірлесіп сумен жабдықтау объектілерінің қайта жаңартылуына, құрылысына, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған су құбырларының қызметтік мерзімін ұзарту үшін қазіргі заманғы жабдықтар сатып алуға арналған сыртқы қаржыландыру көздерін тарту жөнінде ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі